

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы
Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 наурыздағы N 171 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы келісім мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сернеевич Школьник Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы келісімге қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2008.03.04. N 218 Қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі
арасындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы келісім**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар
М е м л е к е т і н і ң Ү к і м е т і ,

олардың саудадағы техникалық кедергілерден (бұдан әрі - СТК) арылу және
Қазақстан Республикасы мен Катар Мемлекеті арасындағы экономикалық
ынтымақтастықты қамтамасыз ету ұмтылысын негізге ала отырып;

халықаралық қағидаттар мен нормаларға негізделген стандарттау, заңнамалық
метрология және сәйкестікті бағалау саласындағы техникалық ынтымақтастықты
ілгерілетуге олардың өзара мүддесін назарға ала отырып,

екі жақты экономикалық мүдделерді кепілдендіру мақсатында
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

М ы н а л а р :

Қазақстан Республикасында - Индустрия және сауда министрлігі;

Қатар Мемлекетінде - Стандарттау және метрология жөніндегі бас ұйым осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар болып табылады.

Көрсетілген органдардың ресми атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар бойынша бір-бірін уақтылы хабардар етеді.

2-бап

Тараптар стандарттау, заңнамалық метрология және сәйкестікті бағалау саласында өзара тиімді ынтымақтастыққа қол жеткізу үшін жұмыс жүргізеді әсіресе:

ғылыми және техникалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету, сондай-ақ СТК-дан арылу мақсатында ұлттық стандарттау жүйелерін халықаралықпен үйлестіруді жүргізеді.

екі елдегі мүдделі мамандандырылған органдар мен институттар арасында стандарттау, заңнамалық метрология және сәйкестікті бағалау саласындағы бастамаларды қолдайды және тікелей ынтымақтастықты қамтамасыз етеді.

3-бап

Ынтымақтастық :

екі елде шығарылатын және стандарттауға, заңнамалық метрология мен сәйкестікті бағалауға қатысты ақпаратпен және мерзімді басылымдармен алмасуды;

стандарттар мен ережелердің (рәсімнің) ұлттық жүйелерінің каталогтарымен және анықтамалықтарымен алмасуды;

сәйкестікті бағалау, сәйкестікті бағалауды жүргізетін сынақ зертханаларын және үкіметтік емес құрылымдарды аккредиттеу саласындағы ақпаратпен және мерзімді басылымдармен алмасуды, сертификатталуы міндетті өнімнің тізімдерін өзара ұсынуды ;

тиісті тәжірибені өзара тиімді беру мақсатында техникалық мамандармен алмасуды;

Тараптардың консультациялық кездесулер өткізуін, стандарттау, заңнамалық метрология және сәйкестікті бағалау саласында кадрлар оқытуды;

екі мемлекеттің ұстанымдарын нығайту және олардың стандарттау, заңнамалық метрология және сәйкестікті бағалау саласында халықаралық деңгейдегі қызметін күшейту мақсатында стандарттау жөніндегі халықаралық ұйыммен (ISO), Халықаралық электротехникалық комиссиямен (IEC), Заңнамалық метрологияның халықаралық ұйымымен (OIML) және басқалармен ынтымақтастықты қолдауды қамтамасыз етеді.

4-бап

Осы Келісімнің қолданылуы мерзімі ішінде Тараптардың бірінен алынған ғылыми-техникалық ақпарат осындай ақпаратты ұсынған Тараптың алдын ала жазбаша келісімі болған кезде ғана үшінші тарапқа берілуі мүмкін.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде осы Келісімнің ережелерін іске асыруға байланысты шығыстарды дербес көтереді.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың арасында консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен рәсімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады.

8-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасы алынған күнінен бастап бір айдан кейін күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап үш ай өткенге дейін күшінде қ а л а д ы .

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату оларды жүзеге асыру осы Келісімді іске асыруда басталған жобалардың іске асырылуына әсер етпейді.

2007 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, араб, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей . Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Катар Мемлекетінің

Үкіметі үшін